

Ресми рецензент Нуржанова Сажила Абдисадықовна

«D011900-Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Тулекенова Динара Төлеубековнаның «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастырудың тұжырымдамалық негіздері» атты диссертациясы туралы жазбаша пікірі

| р/н № | Критерийлер | Критерийлер сәйкестігі | Ресми рецензенттің ұстанымы |
|-------|--|---|--|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) | Рецензенттің ұстаным бағытына сәйкес. Тулекенова Динара Төлеубековнаның «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастырудың тұжырымдамалық негіздері» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысы қазіргі таңдағы еліміздің өзекті мәселесін зерттеуге арналған. Диссертация тақырыбы бүгінгі күні елімізде қабылданған маңызды мемлекеттік бағдарламалар мен заңнамалық құжаттардың негізгі бағыттарына сәйкес келеді. Атап айтар болсақ Қазақстан Республикасының 2023-2029 жылдарға арналған білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру бағдарламалары, «Педагог» кәсіби стандарты және т.б. |
| 2. | Ғылымға маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған. | Диссертанттың зерттеу жұмысы және ұсынылған тұжырымдамалары еліміздің болашақ бастауыш мектеп шетел тілін оқытатын мұғалімдерді даярлауға және отандық бастауыш шеттілдік білім беру сапасын арттыру ісіне елеулі үлес қосады деп бағалауға болады. |

| | | | |
|----|----------------------|--|--|
| | | | <p>Диссертациялық зерттеудің маңыздылығы толық ашылған. Білім берудің заманауи технологияларына негізделген «кәсіби-когнитивті-коммуникативті компетенция» ұғымы бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерін даярлауда мәнді үлес қосады.</p> |
| 3. | Өзі жазу принципі | <p>Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған</p> | <p>Диссертациялық жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары. Ізденуші зерттеу барысында өз көзқарасы мен пікірін білдіре отырып, зерттеу әдістерін ұтымды пайдалана алған. Зерттеу жұмысы дербес орындалған және өзекті тақырыпты қозғаған. Бүгінгі қоғамның бастауыш мектепте шетілдік білім беретін мұғалімдерге қойып отырған талаптары мен білім берудің нақты жағдайы арасындағы карама-қайшылықтар әлі де болса білім беру саласындағы көкейкесті мәселелердің бар екендігін және зерттеліп отырған тақырыптың әлеуметтік маңыздылығын аңғартады.</p> |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | <p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p> | <p>Ізденуші зерттеу өзектілігін толықтай және дәйекті ашып көрсеткен. Бастауыш мектеп шетел тілін оқытатын мұғалімдерін даярлауға қатысты бірқатар көлемді әрі мазмұнды зерттеу жұмыстары бар, дегенмен де Д.Т.Тулекевановның «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастырудың тұжырымдамалық негіздері» атты тақырыбы елімізде жаңадан зерттелініп отыр. АКТ және шет тілі мен кәсіптік пәндерді тиімді оқыту пәндік-тілдік интеграцияланған тәсілге негізделген дидактикалық модульдің нұсқасын ашады.</p> <p>Сондықтан аталған диссертация жұмысы қазіргі уақытта өзекті зерттеу тақырыбы болып табылады</p> |

| | | | |
|--|--|--|---|
| | | | <p>және ерте шеттілдік білім беру сапасын мен бастауыш шетел тілі мұғалімдерін даярлауды арттыруға қатысты жазылған қазақстандық ғылыми еңбектердің қатарын толықтыра түседі деп ойлаймыз.</p> |
| | | <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p> | <p>Зерттеу жұмысының мазмұны диссертация тақырыбын толықтай айқындайды. Бір-бірімен логикалық бірізділікте қойылған негізгі үш тарау және оның бөлімдері зерттеу жұмысын жеткілікті дәрежеде аша түседі. Зерттеу мәселесі бойынша отандық, шетелдік ғылыми-зерттеу жұмыстарына және әдебиеттерге талдау жасалып, болашақ бастауыш шетел тілі мұғалімдерін даярлаудың тиімділігін арттыратын теориялық негіздері айқындалған. Болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру моделі құрастырылып, кәсіби тұжырымдамасы анықталған. «Бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерін даярлаудың теориялық және әдістемелік негіздері» атты кәсіби тұжырымдамасы модульден, екі блоктан, компонентерден және кезеңдерден құралған. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясының субкомпетенцияларын қалыптастыратын интегративті-интерактивтік жаттығулар жүйесі әзірленген. Болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру моделінің тиімділігі тәжірибелі-эксперимент жүзінде дәлелденген.</p> |

| | | | |
|--|--|--|--|
| | | <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p> | <p>Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Ал, зерттеу жұмысының маңызды міндеттері бойынша интегративті-интерактивті жаттығулар жүйесі әзірленіп, олар арқылы болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру әдістемесі жүзеге асырылған.</p> <p>Болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қалыптастыруға ұсынылған модель тиімділігі тәжірибелік эксперимент жүзінде тексерілген.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толықтай сәйкес келеді. Диссертант зерттеу барысында алдына қойған мақсатына қол жеткізген және зерттеу міндеттерін толық орындаған.</p> |
| | | <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <p>1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p> | <p>Рецензиялауға ұсынылып отырған «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастырудың тұжырымдамалық негіздері» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық өзара байланысқан. Ішкі бірлікке ие. Диссертацияның тараулары мен бөлімдері зерттеу тақырыбының мазмұнын жан-жақты ашып, талдауға және жұмыстың біртұтастығына негіз бола алады.</p> |
| | | <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> | <p>Автор диссертациялық жұмыстың тақырыбы аясында отандық және шетелдік ғылыми-</p> |

| | | | |
|--|--|---|---|
| | | <p>1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, баска авторлардын сілтемелеріне негізделген</p> | <p>теориялык және әдістемелік әдебиеттерге сыни талдау жүргізген:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ерте жастан шеттілдік білім берудің психологиясы негіздемесі және бастауыш мектепте шетел тілдерін оқытудың психолінгвистикалық негіздерінің теориялары (А.А.Леонтьев, П.Я. Гальперин, Д.Б. Эльконин, А.А.Леонтьев, И.А. Зимняя); - тілді оқытудағы когнитивті-коммуникативтік тәсілдің теориялары (Ж.Пиже, Л. С. Выготский, Дж. Брунер, А.Н.Хомский, Б. Блум, Т.А.Кульгильдинова, М.А. Касымбекова); - ақыл-ой әрекеттердің біртіндеп қалыптасу теориялары (А.Н.Леонтьев, С.Л. Рубинштейн, Л.С. Выготский, П.Я. Гальперин, В.В.Давыдов, Д. Б. Эльконин, Н. Ф. Талызина); - болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру әдістемесінің лингвомәдени құрамдас бөліктерін жүзеге асыру тұжырымдамасы (С.С.Кунанбаева, В.В.Воробьев, Г.А. Кажигалиева, А.А.Головчун, Э.Р. Герфанова); - мәдениетаралық қатысым теориялары (А.П. Садохин, Е.Т. Холл, А.Т.Чакликова, Д.Б. Шаяхметова, П.К. Елубаева); - құзырлық тәсіл (С.С. Кунанбаева, С.Г. Молчанов, Р.П. Мильруд, О.А.Сальникова, Е.И. Емельянова, О.М. Бобиенко, А.В. Хуторской, А.Н.Хомский, Р.Х. Гильмеева, К.Н. Булатбаева, К.У. Кунакова А.Н.Жорабекова); - тілді оқытудағы интерактивтік-лингводидактикалық тәсіл (Г.Шутова, Н.М. Шанский, Е. М. Немчинова, Е.К. Шамсутдинова, Д.Ф.Хакимзянова, О.К. Мельникова Г.Б. Жумабекова, С.А. Нуржанова, Н.А.Тойбазарова, |
|--|--|---|---|

| | | | |
|----|----------------------------|---|---|
| | | | <p>У.К.Орынбаева) және шетел тілдерін оқытудың әдістемелік аспектілері (Н.Ф. Коряковцева, С.Г. Тер-Минасова, Б.А. Жетписбаева, М.К.Ахметова, С.А.Узақбаева);</p> <p>- шеттілдік білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану (М.Н. Евстигнеев, Т.Г. Головки, А. А.Витухновская, В.В. Мендель, С. Н. Женеть, А.Н. Щукин, А.И. Башмачников, Г.К.Нургалиева, Д.М.Джусубалиева, А.Т.Чакликова, К.Э. Безукладников, В.Н.Иванченко).</p> <p>Осы талдаулар негізінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдау арқылы болашақ бастауыш мектеп шетел (ағылшын) тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру ұғымының мәні, құрылымы және оның мазмұнын модель және кәсіби тұжырымдама арқылы айқындаған. Ұсынған модель мен кәсіби тұжырымдама нәтижесі тәжірибелі-эксперимент жұмысы арқылы дәлелденген.</p> |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | <p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> | <p>Зерттеу мәселесі бойынша алынған ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады. Ізденушінің зерттеу жұмысының нәтижесінде бастауыш шетел тілдері мұғалімдерінің «кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенция» ұғымының мәні, құрылымы, мазмұны нақтыланып, авторлық тұрғыда жаңа түсінікпен ашылған;</p> <p>отандық бастауыш шеттілдік білім беру бағдарламалары мен нормативтік құжаттарға, сонымен қатар, шетелдік тәжірибеге салыстырмалы зерттеу арқылы алынған теориялармен кеңейтілген;</p> |

| | | | |
|----|--|---|--|
| | | | <p>болашақ бастауыш шетел тілі мұғалімдерінің АКТ арқылы кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру моделі алғаш рет құрастырылып, өлшемдері мен көрсеткіштері анықталған. Осылайша, диссертанттың жұмысы ғылыми негізделген зерттеу ретінде ғылыми жаңашылдық принципіне сай келеді.</p> |
| | | <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> | <p>Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табылады. Себебі диссертация қорытындысы зерттеу жұмысы бойынша қойылған міндеттерге сәйкес жүргізілген.</p> |
| | | <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> | <p>Берілген рецензиялық жұмыста техникалық, технологиялық, экономикалық, басқару шешімдері қолданылмайды. Алайда, диссертация тақырыбы гуманитарлық білім беру технологияларына негізделген.</p> |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | <p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p> | <p>Диссертациялық зерттеудің қорытындылары ауқымды ғылыми теориялық-әдіснамалық және әдістемелік-практикалық тұрғыдан негізделген; ғылыми ұғымдар, пікірлер мен тұжырымдамалар зерттеу барысында дәйекті нақтыланған.</p> |
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар | <p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді;</p> | <p>Зерттеу жұмысында 5 қағидаттар ғылыми негізделіп, логикалық жүйемен сұрыпталып, дәйектелген. Яғни: 7.1 Әр қағида нақты дәлелденген.</p> |

| | | | |
|--|--|--|--|
| | | <p>3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ</p> | <p>Шеттілдік білім беру шартында кәсіби-когнитивті-коммуникативті қалыптастырудың тұжырымдамалық негізі ретінде когнитивтік және лингвомәдени тәсілдерінің құрамдас құрамы анықталды және сипатталды. Шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби даярлауының қалыптасқан көрсеткіші ретінде кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенция дескрипторларын анықтаудың тиімді технологиялары ұсынылған</p> <p>7.2 Тривиалды емес.</p> <p>7.3 Ізденушінің қол жеткізген қорытындыларының жаңалық дәрежесі келесідей: 1 Кәсіби тұжырымдаманы жүзеге асыру үшін когнитивтік-лингвомәдени модулі әзірленді, ол екі блоктан: 1) кәсіби-негізделген блогы 2) кәсіби-анықталған және когнитивтік, интерактивті цифрлық және коммуникативтік компоненттерден тұрады. Модуль негізінде бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыратын әдістемелік моделі құрылып, жүзеге асты және оның тиімділігі эксперимент барысында апробацияланды. Барлық нәтижелердің негізділігі мен растылық деңгейі кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру болып табылады, ол болашақ мамандарға шеттілдік пәндік саласында шетел тілін қолдануға мүмкіндік беретін кілттік компетенцияларға: оқыту, зерттеу, ойлау, қатысым орнату, өзара әрекеттесу, істі аяғына дейін орындау және өзін қабылдауға негізделген, компоненттерімен мұғалімнің тұлғалық қалыптасқан көрсеткіші ретінде қалыптастыру мен</p> |
|--|--|--|--|

| | | | |
|--|--|--|---|
| | | | <p>дамытуда жатыр. Ізденуші мақсаттық, контентуалдық, процессуалдық және бағалау-нәтижелі компоненттерден құралатын кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясы моделін ғылыми негіздеді. Осы өзара әрекеттескен компоненттер білім беру процесінде жеке тұлғаның мәдениетаралық деңгейде тиімді және толық қатысым орнату қабілетін дамытуға және бастауыш мектепте шетел тілі сабақтарын өткізуге бағыттайды.</p> <p>Дағдылардың аксиологиялық және продуктивті-интерпретациялық түрлерін дамытуға бағытталған когнитивті-лингвомәдениеттану жаттығулар кешені арқылы когнитивті-лингвомәдени модуль құру нәтижелердің жанашылдық деңгейін және растылығын негіздейді. Когнитивтік, интерактивті цифрлық, коммуникативтік компоненттері арқылы нәтижелердің жанашылдық және растылық деңгейі кәсіби тұжырымдаманың пәндік мазмұнын тілдік және лингвомәдени материалмен тиімді таңдауды және құрылымдауды қамтамасыз етеді.</p> <p>7.4 Гуманитарлық ғылымда қолдану деңгейі кең болып табылады. Себебі, зерттеу жұмысы барысында алғаш рет оқу құралы әзірленіп, ЖОО («ҚазХҚжәне ӘТУ» АҚ) оқу процесіне енгізілген.</p> <p>7.5 Диссертация қағидалары ізденушінің келесі 12 ғылыми мақалаларында дәлелденген: олардың біреуі Scopus деректер базасына енгізілген журналда, төртеуі Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, бір мақала РФДИ (РИНЦ) негізіндегі журналда</p> |
|--|--|--|---|

| | | | |
|----|---|--|---|
| 8. | Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | <p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ</p> | <p>және шетелдік және халықаралық конференциялар материалдарындағы алты мақала жарық көрген.</p> <p>Диссертацияда автор бірнеше әдістемені таңдап, оны қолданудың нақты негіздемесін жасаған. Теориялық талдау барысында салыстырмалы зерттеу әдістерін, эксперимент алдында қатысушы студенттердің білім деңгейін анықтайтын сауалнама әдісін, эксперимент барысында және сонында қатысушылардың АКТ арқылы кәсіби-когнитивті-коммуникативті компетенциясы субкомпетенцияларының қалыптасу деңгейлерін анықтауда математикалық статистикалық әдістерді қолданған.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері: деректерді өңдеу және талдау әдістерін қолдану арқылы алынған. Тәжірибе нәтижелері сандық және сапалық тұрғыдан маңызды деректер қорын құрай алады.</p> <p>Диссертациялық жұмыстағы теориялық моделі мен қорытындылар анықталған және эксперименттік зерттеулермен дәлелденіп, расталған. Зерттеу базасы Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Әлем Тілдері Университетінің Шетел тілдері педагогикалық факультетінің 5В011900-«Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының, қазақ бөліміндегі 2 және 3 курс студенттерінің қатысуымен өткізілген. Тәжірибеге 80 адам ағылшын тілі бойынша оқитын студенттер қатысқан. Үш жылды қамтыған тәжірибелі-эксперименттік жұмыс барысында теориялық практикалық зерттеудің жалпы әдістері,</p> |
|----|---|--|---|

| | | | |
|---|-------------------------------|---|---|
| | | | математикалық статистикалық әдістер және эксперименталды зерттеудің жалпы әдістері қолданылған. |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған | Ізденуші диссертациялық жұмыста қолданылған маңызды мәліметтердің шынайылығын сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасау арқылы растаған. |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз | Д.Т. Тулекенова зерттеу тақырыбына сәйкес 147 бет көлемінде әдебиеттер тізімін нақты әрі жеткілікті қолданған. |
| 9 | Практикалық құндылық принципі | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ | <p>Диссертант зерттеу нәтижесінде қол жеткізген нәтижелерінің теориялық маңыздылығын дәлелдей алды:</p> <ul style="list-style-type: none"> - болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясының мәні негізделген және оның лингвомәдени, кәсіби-ақпараттық, лингводидактикалық субкомпетенциялардан тұратын құрылымы анықталып, өзара байланысты технологияларды (ойын, интерактивті, кейстерді) кіріктіретін кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясының әдістемелік моделі әзірленген; - бастауыш мектеп болашақ ШТ (ағылшын) мұғалімдерін даярлаудың кәсіби тұжырымдамасы анықталып, сипаттама берілген. Кәсіби тұжырымдаманың негізінде модульдік бағдарлама құрастырылған. - ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолдану арқылы интегративті-интерактивті жаттығулар жүйесі әзірленген. «Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы болашақ бастауыш мектеп шетел тілі |

| | | | |
|-----|---------------------------|--|--|
| | | | <p>мұғалімдерін оқыту әдістемесі» оқу құралы дарланған.</p> <p>- бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қалыптастырудың тиімділігі тәжірибелік эксперимент жүзінде дәлелденген.</p> |
| | | <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> | <p>Д.Т. Тулекенованың диссертациялық жұмысының практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Себебі, диссертациялық зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелерді және интегративті-интерактивті жаттығулар жүйесін бастауыш мектеп болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау үшін оқыту үдерісінде қолдануға болады.</p> |
| | | <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> | <p>Диссертацияда келтірілген практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Оларды қазіргі таңда бастауыш мектеп болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау мәселесін шешуде қолдануға болады. Сонымен қатар, зерттеу жұмысының нәтижесін және «Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерін оқыту әдістемесі» оқу құралын республикалық деңгейде жалпы бастауыш мектептерде қолдануға ұсынуга болады.</p> |
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | <p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p> | <p>Диссертацияның академиялық жазылу сапасы жоғары. Ғылыми жұмыс жоғары деңгейде әрі ғылыми стильде жазылып, рәсімделген. Теориялық-әдіснамалық тұрғыдан толық аяқталған ғылыми зерттеу жұмысы болып табылады.</p> |

Қорытынды:

«6D011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Тулекенова Динара Төлеубековнаның «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастырудың тұжырымдамалық негіздері» атты тақырыбындағы диссертациясы аяқталған зерттеу жұмысы болып табылады. Қазақстан Республикасының жоғары шеттілдік кәсіби білім беруді дамытуға елеулі үлес қосады. Тулекенова Д.Т. диссертациялық жұмысының өзектілігі мен теориялық және практикалық маңыздылығын айта отырып, келесідей жекелеген кем тұстары мен ескертулер аталады:

1. Диссертациялық жұмыста қолданылатын «компетенция» терминін қазақ тіліндегі баламасын қолданған жөн.
2. Диссертациялық жұмыстың стилистикалық және орфографиялық қателер кездеседі.

Жоғарыда көрсетілген кемшіліктер ұсыныстық сипатқа ие және олар зерттеу жұмысының жоғары ғылыми деңгейін төмендетпейді.

Т.Д. Төлеубековнаның «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ бастауыш мектеп шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-когнитивті-коммуникативтік компетенциясын қалыптастырудың тұжырымдамалық негіздері» тақырыбында жазылған диссертациясының ғылыми жаңалығы және практикалық маңыздылығы бар толық аяқталған зерттеу деп бағалай отырып, Тулекенова Динара Төлеубековнаға «6D011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыныс жасау туралы шешімді қолдаймын.

Ресми рецензент:

Педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
Бастауыш білім беру кафедрасы
Абай атындағы ҚазҰПУ

e-mail: sajila@mail.ru
phone: 87771539709

